

## Жастар сөйлеу тілінің тіл экологиясы

**Жолдыбай Алтай**

[altaizholdybai@gmail.com](mailto:altaizholdybai@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «6802305 – Филология: қазақ тілі»  
білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - Баймуханбетова М.Б

Тіл—қарым-қатынас құралы, адамның ой өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихының куәгері, деректі көзі. Тіл тағылымы туралы мәселелер қай ғасырда болмасын өзектілігін жоймай, жалғасын тауып келеді. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ата-бабаларымыз қан майданда жан бермегенде осынау көркем тіліміздің тағдыры тәлкек болар ма еді? Ал біз, қазіргі жас ұрпақ тегеурінді тіліміздің айбынын асқақтатып, тұғырын тани алдық па? Осынау тамыры тереңнен бастау алған тілімізді шұбарламай, өз деңгейінде қалпын сақтап қолданып жүрміз бе? Олай болса мақаламды көркем тіліміздің тазалығына арнағым келеді.

Қазіргі қазақ тілінің лингвоэкологиялық ахуалын зерделеп, тілдік орта мәселесін, оның өзгеру, өрбу динамикасын, тілдің қарыштауына, тілді қолдануға кері әсер ететін себептерді айқындап және қазақ тілін – қазақ халқының мәдени жадын, тарихи жадын сақтаушы, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы ретінде қазақ тілділердің экологиялық рухани ортасы болып келгенін ғылыми тұрғыдан қарастыру – лингвоэкологиялық зерттеудің негізгі мақсаты. Яғни сөз экологиясы, сөйлеу мәдениеті проблемалары әлемдегі барлық тіл жанашырлары үшін, соның ішінде қазақ тілі тәрізді қағажу көрген тілдің жанашырлары мен зерттеушілері үшін де ең өзекті мәселелердің бірі десек қателеспейміз. [2].

Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» деп қадап айтқан болатын. «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге белгісі» деп Бауыржан Момыш-ұлы айтқандай, мемлекеттік тілді білу – әр қазақтың, елімізде тұратын әр ұлт өкілінің міндеті.

Кез келген тілдің лексикасы әдеби және бейәдеби болып екіге бөлінетіні белгілі. Осы бейәдеби тілге жастардың жаргондары мен сленгтерін де жатқызуға болады. Жаргон – (франц. jargon) – шағын әлеуметтік топ қолданатын, ешқандай жеке тілдік дербестігі жоқ жалпыхалықтық тілдің тармағы. Сленг – (англ. slang жаргон) – белгілі бір ортада қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды сөздер.[5]. Жастар арасында қолданылатын көңілге қонымсыз, құлаққа жат жаргон сөздер бүгінде олардың санасын улап бара жатыр. Нәрсіз сөздер белең алып тұр. Айталық, сұлу қыз, әдемі көлікті көргенде жастар көбіне «жынды қыз екен», «жынды көлік екен» деп таңданып жатады. Қазақ тілінің бай сөздік қорындағы сөздерді аздық ететін жас буын өкілдері тілді шұбарландырып, орысша сөздер мен жаргондарды қосып сөйлеуді әдетке айналдырып алған. Белгілі бір ортада ғана қолданылатын жаргондар қазақ лексиконына еніп бара жатқан тәрізді. Қазіргі заман ғылым мен технологияның қарыштап дамып, өте жоғары деңгейге жеткен шағы, соған сай сана өркениеті өрістеп биіктеп барады. Бір анығы, адамның санасы, дүниетанымы жоғарылаған сайын қоғам да өзгереді. Мысалы, интернет жүйесі алғаш 1969 жылы 2 қыркүйекте пайда болып, қоғамға енгенде оны ең жас пайдаланушылар жасы 20-25 жастан асқан, ересек адамдар болса, қазіргі таңда интернетке 5-6 жастағы бала да әуес.[3]. Бүгінде ғаламторды, оның ішінде әлеуметтік желілерді

пайдаланбайтын жан тым сирек. Әрине, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын ғаламтордың игілігі жетерлік. Бірақ оның қоғамға тигізер кері әсерлері де жоқ емес. Әсіресе, қазақ тілінің тілдік нормаларын бұзып бара жатқаны жанға батады. Әлеуметтік желілердегі қате сөздер мен орашалақ сөйлемдердің тасқынын ауыздықтау мүмкін болмай отыр, жасыратыны жоқ, заманауи деп танылған интернет торабының бүгінде біздің қоғам үшін онсызда жағдайы төмен тіліміздің тазалығын сақтаудағы кері әсері көбейді. Сауаттылық, тіл тазалығы мәселелері екінші орынға шығып, ең бай, оралымды тіл деп бағаланған қазақ тілі заман ағымымен бірге лайланып бара жатыр. Оған дәлел жастардың ғаламтордағы жазбаларында, бір-бірімен хат алмасқанда немесе ауызекі сөйлескенде пайдаланатын түрлі жаргон, сленг сөздер, оған қоса бір сөйлемде қолданылатын басқа тілдегі сөздер сәнге айналып барады. Мәселен, «Салют»-сәлем, «каксын»-қалайсың «нормалек»-ойдағыдай, «чепуха» — түк емес, «халява»-демалыс, «фуфло-арзан», «мамбет»-қатарынан артта қалған, «вертяк», «порожняк», -жолы болмау, «типаж болу» — менменсу, «сушняк»-сусын, «хавчик»-тамақ, «тормоз»-қолыңнан ештеңе келмейді деп кемсіту, «потеря болу»-тығырықтан шығар жол таппау т.б мұндай жаргондар қатарын жалғастыра берсең өте көп. Ғаламторда әдеби тілдің нормаларын сақтап отырып сөйлесу мүмкін еместігі түсінікті. Ғаламтор тілі тез әрі жылдам қарым-қатынасқа қолайлы тіл. Оның басты ерекшелігі де осында. Сондықтан, әдеби тіл нормаларын интернетте сақтау міндетті деген қате пікір дегенді қолдайтындардың қатары көп. Әлеуметтік желілердегі хаттар мен жазбалардың кейбірінен дауысты дыбыстарды таба алмайсың. Жылдам хат жазу үшін сөздердің ішіндегі дауысты дыбыстарды тастап кету – нағыз грамматикалық қателік. Осыған бой үйретіп алған жастардың ертеңгі күні орфографиялық ережелерге бағынбай кетпесіне кім кепіл?! Әлеуметтік желі коммуникациясында сөйлеу тіліне жақын құрылымдар көп қолданылады, яғни сөздің тұлғасын өзгертіп кең жазу да етек алып келеді. Біріншіден, жіктік жалғауды түсіріп жазу: отырм-отырмын, ухтайм-ұйықтаймын, билмим – білмеймін; екіншіден, қазақ әліпбиіне тән қ, ғ, ң, ә, і, ү, ұ, ө тәрізді төл әріптерінің қолданылмауы: сәлем, қалайсың, озин, не жаналық, жаксы, шукир, бари дурыс, ойдағыдай; үшіншіден, дауысты дыбыстарды түсіріп жазу: слм - сәлем, не хб-не хабар, дм-дым, шукр-шүкір, озн(өзін), кдрп-қыдырып, шгар-шығар; төртіншіден, басқа тілдегі сөздерге қазақ тілі жалғауларын қосып қолдану; прет, каксын, не хау; бесіншіден, кей кезде ч әрпінің орнына 4 санын қолдану, «жанұя (семья)», сөзін немесе «бәріңізге сәлем» деген сөздерді жазу үшін 7 саны мен я әрпін жазу да жиі кездеседі.

Ауыз екі сөйлесу тілінде, сөйлемдер арасын байланыстыру мақсатында, қатты қобалжу байқалғанда, ойын жинақтай алмағанда, орыстілді сөздерді қайталай қолдану немесе жаңағы, әлгі, яғни, мына, мысалы, негізі, шын мәнінде, не ғой, аты не еді, ы-ы-ы (і-і-і), ал, жалпы, қысқасы, барғо т.б сөздерді қолдану жатады.

Орыстілді сөздер й (и) – және, и-то – оның өзі, и-шө (еще) – тағы, дажы (даже) – тіпті, тожы (тоже) – да, де, вапше (вообще) – тіпті, псегда (всегда) – әрқашан, хөть (хоть) – еш болмағанда, пастаянно (постоянно) – үнемі, мәләдес (молодец) – жарайсың, давай (давай!) – кеттік, бастайық, как раз (как раз) – тура сондай, дәл, кәнешнө (конечно) – әрине, әлбетте, па любому (по любому) – қалайда болғанда, как сказать (как сказать) – қалай айтсам екен, не может быть – (не может быть) – мүмкін емес, между прочем (между прочим) – айтпақшы, айтқандай, міне кәжится (мне кажется) – меніңше, менім ойымша, кароче (короче) – қысқасы, қысқаша айтқанда, типа (вроде) – сықылды, сияқты, тәрізді, ал давай (давай!) – ал, кеттік!, ал, бастайық, имею виду (имею в виду) – деп ойлаймын, ну впринципе (в принципе) – асылында, непатеме (не по теме) – мағынасыз, может быть – (может быть) – мүмкін, на-при-мер (например) – мысалы, псе рабно (все равно) – бәрібір, паходу (по ходу) – бара-бара, никагда (никогда) – ешқашан, сразым – (с разу) – бірден, харашо (хорошо) – жақсы, тышто (ты что) – қой, ей, у-же (уже) – әлдеқашан, у-жас (ужас) – сұмдық, точьно (точно) – дәл, білин (блин) – әттең, так (так) – сонымен, ой – әттеген-ай. Күнделікті өмірде тіл мәдениетін бұзатын бұл бөтен

сөздер бір қырынан қазақтың құлдық психологиясын көрсететін белгілердің бірі. Елден ерекше, өзінше болып (немесе “блатной”), қазақша айтқанда тәкаппарлана сөйлеуге тырысудан шығатын жаман әдет.

Жоғарыда айтылып өткен мәселелер ұлт тағдырын сергелдеңге соқтырып, арты жақсылыққа апармасы даусыз. Тіл – асыл қазына, рухани мұра. Халық үшін тілден асқан байлық бар деудің өзі астамшылық болса керек. Олай болса, ана тіліміздің жарымжан сөздермен былғанбай таза сақталып, сауатсыздыққа жол бермей, өркендеп өсуіне үлес қосу кез-келген қазақ азаматының міндеті.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті : оқу құралы / Д.А. Әлкебаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2011. - 196 б.
2. Уәли.Н. Тіл экологиясы // Н. Уәли. Ана тілі. - 2009. - 26 ақпан. - 6 б. Газеттен алынған ақпарат:
3. Қазіргі жастардың сөйлеу, жазу тіліндегі кемшіліктер / Адилбекова Жанар Зинуллаевна / 29.11.2019 ж. Журналдан алынған ақпараттар :
4. Бүгінгі жастардың тіл жұтандығының себептері неде? / М.Ақанова / 2012 ж
5. Ә.Тумабаева, «Тіл ішіндегі тіл» немесе жастар жаргоны туралы Ана тілі 20-26 қазан, 2016ж.

ӘОЖ 821.512.122

### **АКАДЕМИК ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ МҰРАСЫ («Қырдағы күрес» өлеңдер жинағының негізінде)**

**Жарасканова Аяжан Ганиевна**

[ayazharaskan@mail.ru](mailto:ayazharaskan@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты,  
Нұрсұлтан қ., Қазақстан

Академик-жазушы Қажым Жұмалиевтің шығармашылық қырының бірі – оның ақындығы. Әдебиет сүйер қауымның көпшілігі оны тек теоретик-әдебиетші, ұстаз, ғалым сынды қырларын жақсы таныған. Бірақ, оның ақындық қыры туралы барлығы бірдей біле бермейді. Білген күнің өзінде, ақын өлеңдерінің терең сырларының тамырын басып, үңіле қараған емес.

Қ.Жұмалиев ақындық шығармашылығы Алматыдағы Абай педагогикалық институтында оқып жүрген кезінде бастайды. Жас ақын Қажымның алғашқы «Батырақ Алиасқарды» өлеңі 1928 ж. «Лениншіл жас» газетінде жариялаған болса, оқу бітіретін 1932 ж. «Жаңа әдебиет» журналында «Егізбай мен Ерқожа» поэмасы жарық көрген.[1, 9 б.].

1932 жылы Орынбордан көшіп Орал келген Халық ағарту институтының негізінде жаңа педагогикалық институт құрылып, жас маман осы оқу орнына оқытушылық қызметке жалданады. Осында қызметте жүрген жылдары жазушылар ұйымын ұйымдастырып, оның құрамында Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев сынды бірқатар талантты ақын-жазушылардың басын біріктіреді.

Оралда жүрген кезінде ол шығармашылықпен белсенді айналысты. Нәтижесінде, «Шабуыл» атты тұңғыш өлеңдер жинағы 1933 жылы жарыққа шығады. Жинаққа «Қайлашы», «Алатау», «Турксиб», «Польша жұмысшыларының уәкілдері келгенде», «Шымырлап еңбек қайнайды», «Балапан», «Конфиске жазы», «Бас, трактор, маршқа» атты 1929 жылдан бері